

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

«ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА» РММ

Мәліметтер. Сандар
2016-2018

Ақпараттық-сараптамалық шолу

РГУ «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН»

Факты и цифры
2016-2018

Информационно-аналитический обзор

Алматы, 2019

КБЖ 78.3(5Қаз)
З-13

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ – 2016-2018 жж. Мәліметтер. Сандар: Ақпараттық-сараптамалық шолу // РГУ «Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан» - 2016-2018 гг. Факты и цифры: Информационно-аналитический обзор / «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-сі; құрастырғандар: З.А. Маханова, Т.Ю. Рогаткина, М.М. Джайдаров, А. Қуандық. - Алматы, 2019. - 41 бет.

КІРІСПЕ

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ - 2019 жыл. Мәліметтер. Сандар: Ақпараттық-сараптамалық жинағында ЗНКААРК-ның кітапханалық қызметі туралы қысқаша мәлімет берілген.

Басылым Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың (әрі қарай, ЗНКААРК) 2016 - 2018 жылдар аралығындағы жұмыс есебінің статистикалық ақпараттары бойынша аналитикалық шолу негізінде дайындалды.

ЗНКААРК-ның 2016 - 2018 жж. жұмысының барлық бағыттағы негізгі көрсеткіштері қосымша кестелерде ұсынылып отыр.

Жинаққа енген барлық ақпарат «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің сайтында (<http://blindlib.kz/>) ««Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ – 2016-2018 жыл. Мәліметтер. Сандар» атты электронды дерекқор арқылы қолжетімді.


Басылым кітапхана ісі саласының мамандарына, зерттеушілер мен жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарының студенттеріне арналған.

Ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің электронды поштасына (rbnsg@inbox.ru) жолдауларыңызды сұраймыз.


Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 214

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ.

Байланыс телефондары: 8 (727) 293 70 80, 8 (727) 399 90 79



«ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА» РММ



1. «ЗНКААРК» РММ-нің құрылымы

- ҚР Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханаларына әдістемелік және тәжірибелік көмек пен ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсететін және барлық санаттағы мүгедектерге арналған оңалту кабинетінің жұмысын ұйымдастыратын **Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімі.**
- Кітапхана қорын әдебиеттердің барлық басылым түрімен, электронды тасымалдағыштағы, мерзімді басылымдармен толықтыратын, кітап қорын жүйелейтін және каталогтарды ұйымдастыратын **Кітап қорын толықтыру, өңдеу және каталогтарды ұйымдастыру бөлімі.**
- Зағип оқырмандарға, сонымен қатар басқа да санаттағы мүгедектерге, үйдегі оқырмандарға ақпаратты-кітапханалық қызмет көрсететін **Кітап қорын сақтау және абонемент бөлімі.**
- Зағип және нашар көретін азаматтармен олардың отбасы мүшелеріне және басқа санаттағы мүмкіндігі шектеулі оқырмандардың сұраныстарына қажетіне қарай жекелей қызмет көрсетіп, оқырмандардың мәдениеті мен білімін жетілдіруге ықпал ететін **Жеке қызмет көрсету бөлімі.**
- Өнер және спорт әдебиеттерін насихаттайтын және әдеби-сазды, кездесу, еске алу кештерін, музейлерге саяхат, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т.б. жарыстарын ұйымдастыратын **Өнер және спорт әдебиеттері бөлімі.**
- Брайль жүйесіндегі және Daisy форматта халықаралық стандартпен кітаптар шығаратын, жайпақ және Брайль жүйесінде қазақ және орыс тілдерінде шығатын «РБНСГ- Вести» газеті мен дыбыстандырылған «Менің жолым» - «Мой путь» газеттерін шығаратын **«Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімі.**
- Барлық кітапханалық процесстерді автоматтандыруды қамтамасыз ететін (Автоматтандырылған ақпараттық жүйе Қазақстан Республикасы арнайы кітапханалары (ААЖ ҚР АК) бағдарламасы), кітапхананың компьютерлері мен оргтехникаларының жұмыс істеуіне тікелей жауап беретін, олардың істен шықпауын алдын алатын және жөндеу жұмыстарын жүргізетін, кітапхана сайты мен әлеуметтік желілерге техникалық қолдау көрсететін автоматтандыру MS Access платформасында жұмыс істейтін **Автоматтандыру және техникалық қолдау бөлімі.**
- Кітапхананы шаруашылық, техникалық, материалды-құндылықтармен жабдықтайтын, техника және өрт қауіпсіздігін, мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ететін **Шаруашылық және мұрағат бөлімі.**

2. «ЗНКААРК» РММ-сінің 2016-2018 жылдар аралығындағы бақылау көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	(+ -) (%)	2017 жыл	2018 жыл	(+ -) (%)
Жалпы кітап қоры	247 005	247 985	+ 980 0,4 %	247 985	248 393	+ 408 0,2 %
Берілген құжаттар саны	103 336	103 446	+ 110 0,1 %	103 446	103 431	- 15 0 %
Оқырмандар саны	2 883	2 882	- 1 0 %	2 882	2 889	+ 7 0,2 %
Келушілер саны	27 201	27 455	+ 254 0,9 %	27 455	27 655	+ 200 0,7 %
Кітапхана кадрларының саны	40	41	+1 2,5%	41	39	-2 4,9%


3. Жалпы кітап қоры

ЗНКААРК-ның кітап қоры зағип және нашар көретін және басқа санаттағы мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді арнайы форматтарда түрлі тасымалдағыштарда жинақталған. Олар:


- нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдар;
- бедерлі-графикалық құралдар;
- тактильді кітаптар;
- кассета және басқа да тасымалдағыштағы «дыбстандырылған» кітаптар;
- күйтабақтар, тасымалдағыштағы әуенді жазылымдар;
- электронды басылымдар
- үлкейтілген жайпақ баспа қаріпіндегі басылымдар.

2016 жылдан бері мемлекет тарапынан кітапхананың кітап қорын толықтыруға қаржы бөлінбеді. Әйтседе де, 2016-2018 жылдардағы кітапхана қорын құрайтын құжаттар төмендегідей қалыптастырылды:

- ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тіл саясаты комитеті ұйымдастырған «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрген әдебиеттер:
- кітапханаға сыйға берілген әдебиеттер;
- «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімі басып шығарған құжаттар;
- мерзімді басылымдар.



ЗНКААРК-ның жалпы кітап қоры 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда + 980 данаға, яғни (0,4%) өскен. Ал, 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда + 408 данаға (0,2 %) өскен.




4. Білім салалары бойынша кітап қоры (2016-2018 жж.)

Білім салалары бойынша кітап қоры	2016 ж.	2017 ж.	(+ -) (%)	2017 ж.	2018 ж.	(+ -) (%)
Қоғамдық-саяси	58198	58701	+503 0,86%	58701	58858	+157 0,27
Жаратылыстану ғылымдары, денсаулық сақтау және медицина	11331	11268	-63 0,56%	11268	11241	-27 0,24%
Техника, ауыл және орман шаруашылығы	4866	4855	-11 0,23%	4855	4853	-2 0,04%
Өнер, дене шынықтыру және спорт	20050	20008	-42 0,21%	20008	20113	+105 0,52%
Филология ғылымдары / тіл білімі және әдебиеттану	11433	11464	-31 0,27%	11464	11472	+8 0,07
Көркем әдебиет	141127	141689	+562 0,40%	141689	141856	+167 0,12%
Барлығы:	247005	247985		247985	248393	

Кітапхана қорын білім салалары бойынша салыстырмалы талдау келесі салалардағы құжаттардың көбеюін көрсетеді: қоғамдық-саяси әдебиет, өнер, дене шынықтыру және спорт, көркем әдебиет.

5. Жалпы берілген құжаттар саны




Берілген құжаттар саны 2016 жылы 103 мың 336 дананы құраса, 2017 жылы 103 мың 446 дананы құрады. Салыстырмалы түрде 0,1 %-ға өсті.

2018 жылы 103 мың 431 құжат беріліп, 2017 жылмен салыстырғанда 15 құжатқа кеміді.

6. Жалпы оқырмандар саны


ЗНКААРК Алматы қаласы мен облысында тұратын зағип және нашар көретін жандарға, олардың отбасы мүшелеріне, басқа санаттағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, Алматы қаласы мен облысындағы Қазақ соқырлар қоғамына қарасты мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істейтін адамдарға қызмет көрсетеді.



ЗНКААРК-ның оқырмандар саны 2016 жылы 2 мың 883 адамды құрады. Ал, 2017 жылы 1 оқырманға кеміді.

2018 жылы оқырмандар саны 2 мың 889 адамды құрап, көрсеткіш бойынша 2017 жылмен салыстырғанда 7 оқырманға (0,2 %) өсті.

7. Жалпы келушілер саны



ЗНКААРК пайдаланушыларының кітапханаға келуінің саны қызметтің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Белгілі бір дәрежеде қоғам өміріндегі кітапхананың рөлін, кітапхана-ақпараттық қорларының оқырмандардың және т.б. сұраныстарына сәйкестігін білдіреді. Атап айтсақ, 2016 жылмен (27 201 адам) салыстырғанда 2017 жылы адам саны 254-ке (0,9 %) өсіп, 27 мың 455 адамды құрады. Ал, 2018 жылы 27 мың 655-ке, яғни 0,7%-ға өскен динамикасы көрсетілді.

8. Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімі

Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімі кітапхананың ресурстары мен мүмкіндіктерін бұқаралық, ақпараттық жұмыс және кітапхана маркетингінің әртүрлі нысандары арқылы насихаттауды, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, зағип және нашар көретін азаматтардың әлеуметтік, жалпы қол жетімді, оңалту, ақпараттық-демалыс мекемесі ретінде "ЗНКААРК" РММ оң имиджін қалыптастыруды жүзеге асырады. Бөлім барлық санаттағы мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс жүргізеді. Нормативтік және нұсқаулық сипаттағы құжаттарды әзірлейді.

Бөлім ҚР Зағип және нашар көретін азаматтарына арналған арнайы кітапханаларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге, Қазақ зағиптар қоғамының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелеріне, арнайы оқу орындарына, кітапхана оқырмандарына библиография және тифлология мәселелері бойынша ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуге бағытталған.

Сонымен қатар, бөлім әр жылы республика бойынша арнайы кітапхана жұмыстарының негізгі көрсеткіштерінің есептерімен, жалпы жылдық есептері мен жоспарлары бойынша қорытындылар жасайды. Арнайы кітапханалардың желі жағдайы мен қызметіне талдау жүргізеді. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің сұрауы бойынша материалдар, ақпараттар, есептер дайындалады. Түрлі көпшілік іс-шаралар: видео-семинарлар, экскурсиялар, ойындар, кездесулер, тұсаукесер, әдеби-музыкалық кештер, конференциялар, дауыстап оқу сағаттары өткізеді. Зағип ақындардың өлеңдер жинағы, әдістемелік құралдар, ақпараттық бюллетендер, ақпараттық-библиографиялық материалдар, атаулы күндердің күнтізбелері шығарылады.

Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөліміне қарасты оңалту кабинетінің жұмыс барысы:

- кеңістікті бағдар бойынша көру қабілеті бұзылған адамдармен сабақ, үй-жайда және көшеде таяқ көмегімен өз бетінше жүріп-тұру дағдыларына үйрету;
- барлық мүмкіндігі шектеулі азаматтар және үйренгісі келетін жандар үшін Брайль жүйесі бойынша сауатын ашып, оқып, жазуға үйрету (көз жанарынан кеш айырылған адамдар, зағип балалары бар ата-аналар, оқушылар, балалар және т. б.)
- ұсақ моториканы және қол саусақтарының моторикасын дамыту;
- психологиялық көмек (әңгімелесу, релаксация);
- бисерден токуды оқыту бойынша сабақтар (психологиялық жеңілдету үшін, өмірді жағымды қабылдау үшін өз бетінше әдемі заттар жасай білу).

2016 жылы абоненттердің сұраныстары бойынша 73 анықтама орындалды, оның ішінде: 13 нақтылаушы, 51 тақырыптық, 4 экскурсия, 5 тифлология бойынша. 2017 жылы - 52 анықтама, оның ішінде: 1 нақтылаушы, 37 тақырыптық, 3 экскурсия, 11 тифлология бойынша. 2016 және 2017 жылдың көрсеткіштерін салыстырсақ, 2017 жылы анықтама сұраулары 21-ге (28,8 % - ға) азайған. 2018 жылы 65 анықтама берілді, оның ішінде: 4 нақтылаушы, 53 тақырыптық, 3 экскурсия, 5 тифлология бойынша. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы анықтамалар саны 13-ке (25% - ға) артты. Анықтамалардың ең көп саны тақырыптық.

Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімінде диаграммада көрсетілгендей 3 жыл ішіндегі оқырмандар саны жоспарлы көрсеткішке сәйкес келеді.

Диаграммадан кітапхана даму бөлімінде көрсетілгендей, тифлология библиографиясы 3 жыл ішіндегі оқырмандар саны жоспарлы көрсеткішке сәйкес келеді.

2016 жылы бөлімге келушілер саны 435, 2017 жылы - 410, 2016 жылға қарағанда 25 (5,7%) келушіге аз. 2018 жылы - 305 рет келу, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 25,6 % - ға төмен.

2016 және 2017 жылдары бөлім кітап берілім саны 1050, ал 2018 жылы 705 болды. Соңғы жылы мемлекеттік тапсырыспен басқа әдебиет түспеген, өйткені қаржыландыру болмады.


2017 жылмен салыстырғанда бөлім қорына нүктелі-бедерлі қаріп бойынша кітаптар келіп түсті. 2016 жылы жайпақ баспалы кітаптар - 7, 2017 жылы - 15, 2018 жылы - 4. Көрсеткіштер бойынша 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда жайпақ баспа кітаптарын толықтыру 8-ге, 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 11-ге азайған. 2017 жылы газеттерді толықтыру 2016 жылмен салыстырғанда 622-ге артты. 2017 жылғы газеттерге қарағанда 230-ға артқан. 2016 жылмен салыстырғанда 12-ге азайған.

2016 жылы кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімінде 15 көрме ұйымдастырған, 2017 жылы 8 көрме ұйымдастырылған. 2018 жылы көрмелер саны 5 көрмені құраса, мұнда 2017 жылмен салыстырғанда 3-ке азайғаны байқалады.

2016 жылы бөлімнің өткізген іс-шаралары саны (экскурсиялар, ойындар, кездесулер, презентациялар, әдеби-музыкалық кештер, конференциялар, семинарлар, дауыстап оқу сағаттары) – 47, 2017 жылы – 33, 2018 жылы – 31 іс шараны құраған. 2017 жылы – 2016 жылмен салыстырғанда 14 – ке, 2018 жылы - 2017 жылмен салыстырғанда 2-ке азайған.

Жыл сайын бөліммен зағип ақындардың өлеңдер жинағы, әдістемелік құралдар, ақпараттық бюллетендер, ақпараттық-библиографиялық материалдар шығарылады. 2018 жылы керісінше, 2017 ж. салыстырғанда шығарылған басылымдардың 2-ге өсуі байқалады.

2016 жылы көру қабілеті бұзылған адамдармен оңалту бойынша кеңес беру мен сабақтар саны – 153, 2017 жылы – 150, 2018 жылы – 270 құрады. Көрсеткіштер бойынша 2017 жылы кеңес беру мен сабақтар үш есе аз жүргізілді. 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 120 - ға артты. 2016-2018 жылдардағы өзгерістер салыстырмалы түрде төмендегі диаграммада көрініс тапты.




9. Кітап қорын сақтау және абонемент бөлімі

Кітап қорын сақтау және абонемент бөлімінің негізгі міндеті – кітапхана қорын мәдени және ақпараттық мұраның бір бөлігі ретінде сақтау. Бөлім Алматы қаласы мен облысында тұратын көздері нашар көретін және зағип мүгедектер, олардың жанұя мүшелері, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, Алматы қаласы мен облысындағы ҚСҚ мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істейтін көзі көретін азаматтар, зағип және нашар көретін азаматтар мәселесімен айналысатын адамдарға қызмет көрсетеді.

- нүктелі бедерлі қаріпімен жазылған әдебиеттер;
- дыбысталған әдебиеттер;
- жайпақ баспа қаріпімен жазылған әдебиеттер;
- электрондық кітаптар;

Абонемент бөлімінде Алматы қаласы мен облысында тұратын көздері нашар көретін және көрмейтін 60 жастан асқан оқырмандарға сырттай қызмет көрсетеді. Әдебиеттердің барлық түрлерімен қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар абонемент қызметкерлері кітаптарды қаланың әр шетінде орналасқан кітапханалар пунктіне жеткізеді.



Оқырмандар саны 2017 жылы өзгеріссіз қалды. Ал 2018 жылы бөлімнің жұмысының жаңа формаларын қалыптастыруына байланысты сенсорлық және интернет құрылғыларымен жұмыс жасау нәтижесінде оқырмандар саны дүниежүзілік кітапханада AV3715.ru 5 адамға өсті, (0,2%). Келген оқырмандар саны 2017 жылы 4-ке көбейді (0,1%), ал 2018 жылы 77-ге (0,4%) көбейді. 2017 жылы кітап беру саны 9-ға (0,01%) көбейді, ал 2018 жылы 64-ке (0,07%) көбейді.

10. Жеке қызмет көрсету бөлімі


Жеке қызмет көрсету бөлімі зағип және нашар көретін азаматтармен олардың отбасы мүшелерін және басқа санаттағы мүмкіндігі шектеулі азаматтармен оңалту жұмысын жүргізе отырып, олардың мәдениеті мен білімін жетілдіруге жәрдемдеседі.

Бөлім оқырмандардың жан-жақты өндірістік, ғылыми, қоғамдық істеріне және өзін-өзі жетілдіруге көмектесу үшін қызметкерді (кітапханашы-дауыстап оқып берушіні) тағайындап, бөлімнің тифлоқұралдарын қолдану арқылы қызмет көрсетуді ұйымдастырады. Жедел түрде оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандырады:

- жеке жұмыс жасау бөлмелері мен бөлім залында дауыстап оқып беру арқылы; қажетті әдебиетті таңдап беру;
- (рефераттар, курстық және диплом жұмыстарының) мәтіндерін жинастырып, компьютерде теруге көмектесу;
- диктофонға, магнитофонға басып, оқу тапсырмаларына көмектесу;

Бөлім залында топтық және жеке дауыстап оқуды жалпы оқырмандарға (танымал адамдармен кездесулер, поэзия, тарихи-танымды, әдеби-сазды кештер, және т.б.) ұйымдастырады және ақпарат күндерін ұйымдастыруға қатысады.

Кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттап, оқу мәдениетіне тәрбиелейді.



Жалпы, жеке қызмет көрсету бөлімінде барлық тіркелген оқырмандар саны кітап қорының көбеюіне байланысты 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 10 адамға, 2017 жылмен салыстырғанда 10 адамға, яғни (6%) өскен. Ал, барлық келушілер саны оқырмандар санының өсуіне байланысты 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 564 (6,2 %) адамға, 2017 жылмен салыстырғанда 226 адамға, яғни (3,9 %) өскен. Барлық кітап берілімі де, келушілер санының көбеюімен 2016 жылмен салыстырғанда 2 данаға (0,02

%), 2018 жылғы кітап берілімі 2017 жылмен салыстырғанда 311 данаға яғни (3,2%) өскен.

11. Өнер және спорт әдебиеттері бөлімі


Өнер және спорт әдебиеттері бөлімінде негізінен 20 мыңнан астам өнер және спорт әдебиеттері жинақталған. Атап айтсақ: нүктелі-бедерлі қарпімен жазылған әдебиеттер; жайпақ баспа қарпімен жазылған әдебиеттер; электрондық кітаптар; электрондық ән-жинақтар; аудиотаспалар, бейнетаспалар; грампластинкалар; бедерлі-графикалық құралдар (бедерлі суреттер, сызбалар және географиялық карталар).

Сонымен бірге, нашар көретін оқырмандарға жайпақ баспа қаріпіндегі әдебиеттерді бөлім қызметкерлері дауыстап оқып береді.

Оқырмандар кітап оқумен қатар, бөлімдегі барлық техникалық құралдарды пайдалана алады. Олар: DVD – караоке (500 қазақша әндер мен 4000 басқа тілдегі әндер); грампластинка; домбыра; баян; фортепиано; магнитофон.

Сонымен қатар, оқырмандарымыз үстел үсті интеллектуалды ойындары: шахмат, дойбы, тоғызқұмалақпен шұғылданады.

Өнер және спорт әдебиеттері бөлімінде көпшілік шаралар: Қазақстан Республикасының атаулы күндері, дауыстап оқу сағаттары, әуенді дәрістер, концерттер, әдеби-музыкалық кештер, шығармашылық кездесулер, еске алу кештері, мұражайларға сапар, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сайыстары өткізіліп тұрады.




Жалпы, өнер және спорт әдебиеттері бөлімінде барлық тіркелген оқырмандар саны кітап қорының көбеюіне байланысты 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 1 адамға (0,3%), 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 1 адамға, яғни (0,3%) өскен. Ал, барлық келушілер саны оқырмандардың санының өсуіне байланысты 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 1 адамға (0,03%), 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 2

адамға, яғни (0,07%) өскен. Барлық кітап берілімі де, келушілер санының көбеюімен 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 1 данаға (0,01%), 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 4 данаға, яғни (0,07%) өскен.

12. «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімі

«Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімі Брайль жүйесіндегі нүктелі-бедерлі қаріппен және MP3 форматында кітаптар шығарады. Бұдан бөлек, қазақ, орыс тілдерінде, нүктелі-бедерлі және жайпақ баспалы қаріпте «РБНСГ - Вести» газетін шығарады. Газет 2 айда бір рет 300 данадан жарық көреді, сонымен қатар, "Менің жолым" –"Мой путь" атты сөйлейтін газет ай сайын шығарылып, республикалық арнайы кітапханаларға таратылады.




2016-2018 жж. аралығында дыбыстандырылған құжаттар диаграмма көрсеткіші бойынша төмендегенін көрсетеді. 2016 жылы дыбыстандырылған құжаттар 39 884 мин., ал, 2017 жылы 17 962 мин. қамтиды. Салыстырмалы түрде қарағанда 2016 жылы 55 %-ға кеміген, бұл жағдай бөлімде арнайы маманның жоқтығына байланысты орын алды.

2018 жылы 12 238 мин. көлемінде дыбыстандырылды. Бұл 2017 жылға қарағанда 32%-ға кем екенін көрсетеді. Дәл осындай жағдай нүктелі-бедерлі қаріппен шығарылатын әдебиеттерде де байқалады. Мұнда 2016 жылы, 38 625 бет шықты. Ал, 2017 жылы 25 400 бет шығарылды. Бұл 34,2 %-ға кемігенін көрсетеді. 2017 жылға қарағанда, 2018 жылы 30 948 бет шықты, яғни, 21%-ға артты.

13. Автоматтандыру және техникалық қолдау бөлімі

Автоматтандыру және техникалық қолдау бөлімі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың бөлімі ретінде 2011 жылдың қаңтар айынан бастап келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- кітапхананың барлық процесстерін автоматтандыру;
- компьютерлік және басқа кітапханалық жабдықты техникалық қолдау;
- кітапханада жергілікті желі мен интернеттің үнемі қосылуын қадағалау;
- кітапханада өткізілетін түрлі іс-шараларға (кештер, семинарлар, бейнеконференциялар, үздіксіз білім беру курстары) техникалық қолдау;
- кітапхана сайтына техникалық қызмет көрсету.
- автоматтандыру MS Access платформасында жұмыс істейтін «Қазақстан Республикасы арнайы кітапханалар – автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» (әрі қарай, «ҚР АК-ААЖ») бағдарламалық жасақтамасына негізделген.



Қазіргі таңда «ҚР АК-ААЖ» бағдарламасымен республика бойынша арнайы кітапханалар түгел қамтылған. Бұл зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханалардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалған бағдарлама. Сонымен қатар, «ҚР АК-ААЖ» бағдарламасын техникалық және экономикалық сипаттамасына қарай, 1-2 компьютермен қамтылған кішкене кітапханаларда пайдалануға болады.

«ҚР АК-ААЖ» бағдарламасының модульдері: «Кітап қорын жинақтау», «Мерзімді басылымдарға жазылу», «Құжаттарды өңдеу», «Кітапхана жиынтық кітабы», «Каталогизатор», «Абонемент», «Оқырмандар залы», «Библиограф-тифолог», «Өнер».

14. «ЗНКААРК» РММ – арнайы кітапханалар желісінің әдістемелік орталығы

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-сі республика бойынша 9 облыстық, 5 қалалық, 2 арнайы бөлімдерді, 15 филиалды, 110 кітапхана пункттерін қамтиды. Атап айтсақ:

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы.

«Қостанай облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ .

«Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы» КММ.

Павлодар облысы, «Көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапхана» КММ.

Атырау облыстық көрмейтін және нашар көретін азаматтар кітапханасы.

"Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы" КММ.

«Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы».

«Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана» КММ.

«Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы».

Петропавл қаласы, Зағиптар және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасы.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ОКЖ КММ көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана.

«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ.

Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасы.

«Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана» КММ.


Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасының «Көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана» филиалы.

С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы бөлімі.

2018 жылдың есебінің деректеріне сүйене отырып, республика бойынша арнайы кітапханалардың кітап қоры – 1 млн жуық, қазақ тіліндегі кітап қоры – 220 мыңнан астам, Брайль жүйесіндегі кітаптар саны – 200 000, оқырмандар саны шамамен 33 000, зағиптар саны – 12 500, нашар көретін оқырмандар саны – 9 000 асады.

15. Қаржылық қызмет бойынша талдамалық есеп


№ п/п	Мынадай шығындардың шығыстары	2016	2017	2018	өткен жылмен салыстырғанда қаржыландыру көлемінің өсуі/төмендеуі, %- бен	
		сомасы, (теңге)	сомасы, (теңге)	сомасы, (теңге)	2017	2018
1	Мерзімді басылымдарға жазылу	1 991 707	1 390 000	1 244 908	7,0	9,0
2	Машиналарды, жабдықтарды, құралдарды, өндірістік және шаруашылық мүкәммал сатып алу	0	0	104 050	0	0,0
	Барлығы	1 991 707	1 390 000	1 348 958	7,0	9,7




16. Мамандар

ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-сінде 2016 жылы штат бойынша 40 қызметкер жұмыс атқарған. Оның ішінде: жоғарғы білімі бар - 32, арнаулы орта білімімен 2. Бұл көрсеткіштер 2017-2018 жылдары 2-3 қызметкерге (5-7,5 %) төмендеген.

Кітапханада жас мамандар саны (30 жасқа дейінгі) қызметкерлер саны 3-5 (7,5-12%), орта және үлкен (30-60 жас аралығындағы) қызметкерлер саны - 33-35 (88-92,5 %) көрсеткен. Бұған себеп кітапхана саласының мамандарын дайындайтын жоғары және орта оқу орындарында күндізгі оқыту нысандарында тек мемлекеттік грант есебінде түсуі, «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша білім алу және жұмыс істеуді қаламаудың қосымша факторы кітапхана қызметкерлерінің еңбекақысының төмендігі болып табылады.



**РГУ «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН»**



1. Структура РГУ «Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан» (далее, РБНСГ)

- Отдел библиотечного развития, библиографии и тифлологии оказывает методическую и практическую помощь и информационно-библиографическое обслуживание сети спец библиотек для незрячих и слабовидящих граждан РК. Организует работу реабилитационного кабинета для инвалидов всех категорий.
- Отдел комплектования, обработки литературы и организации каталогов осуществляет оперативное комплектование библиотечного фонда документами всех видов изданий, в том числе на электронных носителях, составляет заявки на издания периодической печати. Отдел выполняет функции каталогизационной и классификационной обработки библиотечного фонда.
- Отдел книгохранения и абонементов оказывает информационно-библиотечное обслуживание незрячих и слабовидящих читателей, а также инвалидов других категорий. Функционирует надомный абонемент.
- Отдел индивидуального обслуживания оказывает содействие в реабилитации, интеграции инвалидов по зрению и членов их семей, инвалидов других категорий в общество, повышению их культурного уровня и образования.
- Отдел литературы по искусству и спорту регулярно проводит различные виды массовых мероприятий: отмечаются праздники Республики Казахстан, организуются часы громкого чтения, музыкальные лектории, концерты, литературно-музыкальные вечера, творческие встречи, вечера памяти, путешествия по музеям, соревнования по шахматам, шашкам, тогызкумалаку.
- Отдел по выпуску «говорящей» и Брайлевской книги занимается выпуском документов рельефно-точечным шрифтом Брайля и озвученных книг в формате MP3.
- Отдел автоматизации и технической поддержки обеспечивает техническую поддержку компьютерного и другого оборудования библиотеки, техническое сопровождение мероприятий, проводимых в библиотеке
- Отдел хозяйственной работы и архива обеспечивает библиотеку материально-техническим оснащением, технической и пожарной безопасностью, обеспечивает сохранность архивных документов.

2. Контрольные показатели по РГУ «РБНСГ» за 2016-2018 гг.

Показатели	2016 г.	2017 г.	(+ -) (%)	2017 г.	2018 г.	(+ -) (%)
Общий книжный фонд	247 005	247 985	+ 980 0,4 %	247 985	248 393	+ 408 0,2 %
Количество выданных документов	103 336	103 446	+ 110 0,1 %	103 446	103 431	- 15
Количество читателей	2 883	2 882	- 1	2 882	2 889	+ 7 0,2 %
Число посещений	27 201	27 455	+ 254 0,9 %	27 455	27 655	+ 200 0,7 %
Количество библиотечных кадров	40	41	+1 2,5 %	41	39	-2 4,9 %

3. Общий книжный фонд

Библиотечный фонд РГУ «Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан» - это собрание документов на различных носителях информации, где особое место занимают документы в специальных форматах доступных для незрячих и слабовидящих пользователей.

Фонд библиотеки универсален и уникален и включает специальные виды изданий для незрячих и слабовидящих пользователей, помогающих восприятию информации с помощью слуха, осязания, ослабленного зрения.

Это издания:


- рельефно-точечного шрифта Брайля,
- издания рельефно-точечного шрифта Брайля через строчку, для начинающих читать по Брайлю,
- рельефно-графические пособия,
- тактильные книги,
- «говорящие» книги на кассетах и других носителях,
- грампластинки, музыкальные записи на различных носителях,
- электронные издания,
- издания укрупненным плоскочечатным шрифтом для слабовидящих и издания плоскочечатным шрифтом.

Все эти издания представлены в фонде по большинству отраслей знаний.

С 2016 года из республиканского бюджета средства на комплектование библиотечного фонда (основных средств) не выделяются.

В связи с этим источниками комплектования библиотечного фонда в 2016-2018 гг. являлись:

- книги, изданные по республиканской бюджетной программе «Повышение конкурентоспособности сферы культуры и искусства, сохранение, изучение и популяризации казахского культурного наследия и повышение эффективности реализации архивного дела» по подпрограмме «Приобретение, издание и распространение социально-важных видов литературы»;
- книги, предоставленные в дар библиотеке;
- документы, выпущенные отделом по выпуску «говорящей» и Брайлевской книги;
- документы подписных периодических изданий.



В 2017 году по сравнению с 2016 годом поступление было на 980 экз. больше, что составило 0,4%. В 2018 году по сравнению с 2017 годом поступление документов увеличилось на 408 экз., что составило 0,2%. Сравнительный анализ показывает постоянное увеличение библиотечного фонда по данным показателям.



Сравнительный анализ показывает уменьшение поступления документов по республиканской бюджетной программе.

Большое внимание в библиотеке уделяется фонду специальных изданий для незрячих и слабовидящих пользователей, сравнительный анализ показывает постоянное минимальное увеличение.


4. Количество фонда по отраслям знаний за 2016-2018 гг.

Библиотечный фонд по отраслям знаний	2016 г.	2017 г.	(+ -) (%)	2017 г.	2018 г.	(+ -) (%)
Общественно-политическая	58198	58701	+503 0,86%	58701	58858	+157 0,27
Естественные науки, здравоохранение и медицина	11331	11268	-63 0,56%	11268	11241	-27 0,24%
Техника, сельское и лесное хозяйство	4866	4855	-11 0,23%	4855	4853	-2 0,04%
Искусство, физкультура и спорт	20050	20008	-42 0,21%	20008	20113	+105 0,52%
Филологические науки (языкознание и литературоведение)	11433	11464	-31 0,27%	11464	11472	+8 0,07
Художественная литература	141127	141689	+562 0,40%	141689	141856	+167 0,12%
Итого:	247005	247985		247985	248393	

Сравнительный анализ библиотечного фонда по отраслям знаний показывает увеличение документов по следующим отраслям: общественно-политическая литература, литература по искусству, физкультуре и спорту, художественная литература.

5. Книговыдача по библиотеке

Книговыдача в РГУ «Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан»




В 2016 году книговыдача составила 103336 экз., в 2017 году 103446 экз. В сравнении это составляет + 0,1 %.

Книговыдача в 2018 году составила 103431, по сравнению с 2017 годом на 15 документов уменьшилась, что составляет - 0,1 %.

6. Количество читателей


РГУ «РБНСГ» оказывает бесплатные библиотечные услуги незрячим и слабовидящим гражданам города Алматы и области, членам их семей, сотрудникам предприятий, относящихся к КОС.



Количество читателей в 2017 году по сравнению с 2016 годом уменьшилось на 1 читателя.

В 2018 году количество читателей составило 2889 человек. В сравнении с 2017 годом на 7 человек больше (+0,2 %).

7. Количество посетителей




Количество посетителей является одним из основных показателей деятельности библиотеки, в этих данных прослеживается взаимосвязь спроса читателей и качества библиотечно-информационного фонда библиотеки.

В 2016 году книговыдача составила 27201, в 2017 году – 27455, по сравнению с 2016 годом количество посетителей увеличилось на 254, что составляет +0,9%. В 2018 году книговыдача составила 27655, по сравнению с 2017 годом увеличение составило +0,7%.

Сравнительный анализ показывает постоянное увеличение книговыдачи.

8. Отдел библиотечного развития, библиографии и тифлологии

Деятельность отдела направлена на оказание методической и практической помощи, информационно-библиографическое обслуживание специальных библиотек для незрячих и слабовидящих граждан РК, предприятий, организаций и учреждений Казахского общества слепых, специальных учебных заведений, пользователей библиотеки по вопросам библиотечного развития, библиографии и тифлологии. Отдел осуществляет библиотечный маркетинг, посредством различных форм массовой, информационной работы, формирование позитивного имиджа РГУ «РБНСГ» у людей с ограниченными возможностями, незрячих и слабовидящих граждан как социального, общедоступного, реабилитационного, информационно-досугового учреждения. Отдел ведет работу с инвалидами всех категорий. Сотрудники отдела разрабатывают документы нормативного и инструктивного характера.



По запросам пользователей выполнено в 2016 году - 73 справки, из них: 13 уточняющих, 51 тематическая, 4 экскурсии, 5 по тифлологии. В 2017 году - 52 справки, из них: 1 уточняющая, 37 тематических, 3 экскурсии, 11 по тифлологии. Если сравнивать показания 2016 года и 2017 года, видно, что в 2017 году запросы справок уменьшились на 21 (на 28,8%). В 2018 году - 65 справок, из них: 4 уточняющих, 53 тематические, 3 экскурсии, 5 по тифлологии. По сравнению с 2017 годом, в 2018 году количество справок увеличилось на 13 (на 25%). Максимальное количество справок приходится на тематические.

Количество посещений в отделе за 2016 год составило 435, за 2017 год - 410, что на 25 (на 5,7%) посещений меньше, чем в 2016 году. В 2018 году - 305 посещений, что на 105 (на 25,6%) меньше показателей в 2017 году.

Книговыдача отдела за 2016 и 2017 годы составила по 1050, а в 2018 году 705, здесь показатель уменьшился на 345 по сравнению с 2017 годом. Это связано с тем, что за последний год, кроме как по республиканской бюджетной программе литература не поступает, так как нет финансовых средств.

Поступление книг в фонд отдела рельефно-точечным шрифтом в 2018 году увеличилось на 6 книг по сравнению с 2017 годом. Поступление плоскочечатных книг составило: в 2016 г. - 7, в 2017 г. - 15, в 2018 г. - 4. По показаниям видно, в 2017 году по сравнению с 2016 г. было увеличение пополнения плоскочечатных книг на 8, в 2018 г. по сравнению с 2017 г. уменьшилось на 11. Пополнение газет в 2017 г. по сравнению с 2016 г. увеличилось на 622 экз. В 2018 г. наблюдается еще большее увеличение газет на 230, чем в 2017 г. Поступление журналов в отдел в 2017 г. уменьшилось на 12, по сравнению с 2016 г. В 2018 г. увеличилось пополнение журналов на 69 экз. по сравнению с 2017 г.

Отделом библиотечного развития, библиографии и тифлологии в 2016 г. было организовано 15 выставок, в 2017 г. - 8, что показывает уменьшение в 2017 г. на 7 выставок. В 2018 г. количество выставок составило 5, здесь наблюдается уменьшение на 3 по сравнению с 2017 г.

Проведение отделом массовых мероприятий (экскурсии, игры, встречи, презентации, литературно-музыкальные вечера, конференции, семинары, "Громкие" чтения) в 2016 г. составило – 47, в 2017 – 33, в 2018 – 31. Здесь можно сделать вывод, что с каждым годом идет уменьшение массовых мероприятий: в 2017 г. – на 14 по сравнению с 2016 г., в 2018 г. – на 2 по сравнению с 2017 г.

Отделом ежегодно выпускаются сборники стихов незрячих поэтов, методические пособия, информационные бюллетени, информационно-библиографические материалы. В 2017 г. было выпущено на 9 изданий меньше, чем в 2016 г. В 2018 г. напротив, наблюдается увеличение выпущенных изданий на 2 по сравнению с 2017 г.

Количество занятий и консультаций по реабилитации с людьми с нарушением зрения в 2016 г. составило – 153, в 2017 г. – 150, в 2018 г. – 270. По показателям видно, в 2017 г. занятий и консультаций было проведено на 3 меньше, чем в 2016 г. В 2018 г. увеличилось на 120 по сравнению с 2017 г.


9. Отдел книгохранения и абонемент

Отдел книгохранения и абонемент осуществляет информационно-библиотечное обслуживание инвалидов по зрению, в том числе и инвалидов других категорий через абонемент, библиотечные пункты, кружки громкого чтения, надомный и межбиблиотечный абонементы, по мере необходимости использует заочный абонемент.

В состав отдела входит абонемент, книгохранение, внестационарное обслуживание и зал электронных ресурсов.

Отдел обслуживает инвалидов по зрению, членов их семей, проживающих в городе Алматы и области, людей с физическими ограничениями жизнедеятельности, зрячих граждан, работающих в организациях и на предприятиях КОС города Алматы и области, лиц, занимающихся вопросами компенсации слепоты и слабовидения, учащихся массовых школ, школы-интерната для незрячих и слабовидящих детей.

Сотрудники отдела оказывают содействие в социальной интеграции инвалидов по зрению, инвалидов других категорий в общество, повышению их культурного уровня, образования. Обеспечивают сохранность библиотечного фонда отдела.



Количество читателей в 2017 году не изменилось. В 2018 году в связи с освоением отделом новых форм работы: обучением пользователей работе на сенсорных устройствах и интернет регистрацией читателей в международной библиотеке AV3715.ru количество читателей увеличилось на 5 человек, (0,2%). Количество посещений в 2017 году увеличилось на 4 (0,02%), в 2018 году увеличилось на 77 (0,4%). В 2017 году количество книговыдачи увеличилось на 9 (0,01%), в 2018 году увеличилось на 64 (0,07%).

10. Отдел индивидуального обслуживания

Отдел индивидуального обслуживания оказывает содействие в реабилитации, интеграции инвалидов по зрению, инвалидов других категорий в общество, повышению их культурного уровня и образования.


Организует индивидуальное обслуживание пользователей с целью оказания им всемерной помощи в производственной, научной, общественной деятельности и самообразовании, путем предоставления сотрудника (библиотекаря-чтеца) и тифлотехнических средств отдела.

Оперативно удовлетворяет запросы пользователей:

- путем чтения в кабинках индивидуальной работы и в зале отдела;
- подбора необходимой литературы;
- помощи в наборе текстов (рефератов, курсовых, дипломных работ и т.п.);
- оказания помощи в подготовке учебных заданий, записи;

Организует громкие групповые и индивидуальные чтения в зале отдела, проводит массовые мероприятия (вечера, кружки поэзии, музыки, встречи с интересными людьми и т.д.), участвует в организации Дней информации и т.п..

Пропагандирует библиотечно-библиографические знания и воспитывает культуру чтения. Выявляет активных пользователей и привлекает их к участию в мероприятиях, проводимых в отделе и библиотеке.



В целом, количество зарегистрированных читателей в отделе индивидуального обслуживания в связи с увеличением книжного фонда в 2018 году по сравнению с 2016-2017 гг. увеличилось на 10 человек (6%). Количество посещений в 2018 году по сравнению с 2016 годом увеличилось на 564 человека (6,2%), по сравнению с 2017 годом на 226 человек (3,9%). В 2018 году по сравнению с 2016 годом увеличилась книговыдача на 313 экз., в 2018 году по сравнению с 2017 годом увеличилось на 311 экз. (3,2%).


11. Отдел литературы по искусству и спорту

Фонд отдела составляет более 20 тысяч наименований изданий. В их числе:

- литература рельефно-точечного шрифта;
- плоскочечатная литература;
- электронные книги;
- СД песенные сборники;
- аудиозаписи;
- видеозаписи;
- грампластинки;
- рельефно-графические пособия (рельефные рисунки, чертежи и географические карты);

Читатели отдела кроме книг пользуются всеми техническими средствами и музыкальными инструментами, это:

- DVD-караоке (500 казахских песен и 4000 песен на других языках);
- японский проигрыватель грампластинок;
- домбыра;
- баян;
- фортепиано;
- разные магнитофоны.




В целом, количество зарегистрированных читателей в отделе литературы по искусству и спорту в связи с увеличением книжного фонда в 2017 году по сравнению с 2016 годом увеличилось на 1 человека (0,3%), в 2018 году по сравнению с 2017 годом на 1 человека (0,3%). Количество посещений в 2017 году по сравнению с 2016 годом увеличилось на 1 человека (0,03%), в 2018 году по сравнению с 2017 годом на 2 человека

(0,07%). В 2017 году по сравнению с 2016 годом увеличилась книговыдача на 1 экз. (0,01%), в 2018 году по сравнению с 2017 годом на 4 экз. (0,07%).

12. Отдел по выпуску "говорящей" и Брайлевской книги

Отдел занимается выпуском книг рельефно-точечным шрифтом Брайля и озвученных книг в формате МР3. Кроме этого отдел выпускает газету «РБНСГ-Вести», периодичностью 1 раз в 2 месяца, тиражом 300 экземпляров, двумя шрифтами - рельефно-точечным и плоскопечатным. Так же ежемесячно выпускается озвученная газета "Менің жолым – Мой путь". Обе газеты выходят на казахском и русском языках и распространяются по спец библиотекам республики.




По показаниям данной диаграммы за период 2016–2018 гг., был значительный спад выпуска озвученной литературы. В 2016 г. было озвучено 39884 мин., в 2017 г. - 17962 мин., что составляет на 55% меньше по сравнению с 2016 годом. Понижение спада объясняется нехваткой специалистов в отделе. В 2018 г. было озвучено 12238 мин., это на 32% меньше, чем было озвучено в 2017 г. А также аналогичное объяснение с выпуском литературы по РТШ, где в 2016 г., было выпущено 38625 стр., в 2017 г. – 25400 стр. что составило уменьшение выпуска на 34,2%, в 2018 г. – 30948 стр., что составило увеличение на 21,8% по сравнению с 2017 г.

13. Отдел автоматизации и технической поддержки

Отдел ведет работу по следующим направлениям:

1. Техническая поддержка компьютерного и другого оборудования библиотеки.
2. Поддержание в рабочем состоянии локальной сети и сети Интернет библиотеки.
3. Техническое сопровождение различных мероприятий, проводимых в библиотеке (вечеров, семинаров, видеоконференций, курсов повышения квалификации).
4. Техническая поддержка и обслуживание сайта библиотеки.




5. Автоматизация всех библиотечных процессов. Автоматизация производится на базе программного обеспечения «Автоматизированная информационная система - спецбиблиотек Республики Казахстан» (далее, ПО «АИС – СБ РК»), которая работает на платформе MS Access.

В настоящее время универсальное ПО «АИС – СБ РК» функционирует во всех библиотеках сети, но может применяться для автоматизации деятельности библиотек любого масштаба, быть использована для автоматизации библиотек любого профиля. Имеет возможности настройки на специфические особенности конкретной библиотеки. По техническим и экономическим характеристикам может применяться даже в очень малых библиотеках, имеющих один или несколько компьютеров.

Основными составными частями программного обеспечения «АИС-СБ РК» являются следующие модули: «Комплектование», «Подписка», «Каталогизатор», «Суммарная книга», «Абонемент», «Читальный зал», «Библиограф-тифолог», «Искусство».

Методический центр областных, городских спецбиблиотек и библиотечных отделов РГУ «РБНСГ»



14. РГУ «РБНСГ» - методический центр сети спецбиблиотек

РГУ «Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан» является методическим центром 9 областных, 5 городских, 2 спец. отделов при ОУБ. Так же в некоторых библиотеках имеются филиалы и библиотечные пункты:

Актюбинская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан.

КГУ «Костанайская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

КГУ «Кызылординская областная специализированная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

КГУ «Областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан" Павлодарской области.

Атырауская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан.

КГУ «Восточно-Казахстанская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

КГУ «Жамбылская областная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

КГУ «Западно-Казахстанская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

КГУ «Карагандинская областная спецбиблиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

Кокшетауская городская специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан.

Специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан г. Петропавловска.

КГУ ЦБС акимата города Нур-Султан специализированная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан.

КГУ «Спецбиблиотека для незрячих и слабовидящих граждан города Семей»;

КГУ «Шымкентская городская специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан».

Специализированная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан, филиал Мангистауской областной универсальной библиотеки им.


К. Сыдыыкова.

Спецотдел для незрячих и слабовидящих граждан при Алматинской областной библиотеке им. С. Сейфуллина.

На 1 января 2019 года по отчетам областных спец библиотек общий фонд составляет около 1 млн экз. документов. Из них на казахском языке - более 220 000 экз. Количество документов рельефно-точечным шрифтом – 200 000 экз. Количество читателей – около 33 000 чел., из них незрячих – 12 500 чел., слабовидящих – более 9 000 чел.

15. Финансовая деятельность

№ п/п	Расходы на следующие затраты	2016	2017	2018	Рост/снижение объемов финансирования по сравнению с прошлым периодом, в %	
		сумма, (тенге)	сумма, (тенге)	сумма, (тенге)	2017	2018
1	Подписка на периодические издания	1 991 707	1 390 000	1 244 908	7,0	9,0
2	Приобретение машин, оборудования, инструментов, производственного и хозяйственного инвентаря	0	0	104 050	0	0
	Итого	1 991 707	1 390 000	1 348 958	7,0	9,7



16. Кадры

В 2016 году в РГУ «Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан» по штатному расписанию работали 40 сотрудников, в том числе: количество сотрудников имеющих высшее образование - 32, среднее специальное образование - 2. Эти цифры в 2017-2018 годах уменьшились на 2-3 работника (5-7,5%).

Количество молодых специалистов в библиотеке (до 30 лет) составляет 3-5 сотрудников (7,5-12%), среднего и старшего возраста (от 30 до 60 лет) составляет 33-35 сотрудников (88-92,5%). Наблюдается постоянное уменьшение количества сотрудников. Это связано с низкой заработной платой сотрудников библиотеки, что является дополнительным фактором в том, что студенты, которые обучаются в области библиотечного дела в высших и средних учебных заведениях на очной основе только в виде государственных грантов, не хотят учиться и работать по специальности «Библиотекарь».

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1. «ЗНКААРК» РММ құрылымы	5
2. «ЗНКААРК» РММ -сінің 2016-2018 жылдар аралығындағы бақылау көрсеткіштері	6
3. Жалпы кітап қоры	6
4. Білім салалары бойынша кітап қоры (2016-2018 жж.).....	8
5. Берілген құжаттар саны	8
6. Жалпы оқырмандар саны.....	9
7. Жалпы келушілер саны.....	10
8. Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімі	10
9. Кітап қорын сақтау және абонемент бөлімі	13
10. Жеке қызмет көрсету бөлімі.....	14
11. Өнер және спорт әдебиеттері бөлімі.....	15
12. «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімі	16
13. Автоматтандыру және техникалық қолдау бөлімі	17
14. «ЗНКААРК» РММ-сі республика бойынша арнайы кітапханалар желісінің әдістемелік орталығы	19
15. Қаржылық қызмет бойынша талдамалық есеп.....	20
16. Мамандар.....	21

СОДЕРЖАНИЕ

1. Структура РГУ «РБНСГ»	23
2. Контрольные показатели по РГУ «РБНСГ» за 2016-2018 гг.....	24
3. Общий книжный фонд	24
4. Количество фонда по отраслям знаний за 2016-2018 гг	26
5. Книговыдача.....	27
6. Количество читателей.....	28
7. Количество посещений	29
8. Отдел библиотечного развития, библиографии и тифлологии	30
9. Отдел книгохранения и абонемента.....	32
10. Отдел индивидуального обслуживания.....	33
11. Отдел литературы по искусству и спорту.....	34
12. Отдел по выпуску "говорящей" и Брайлевской книги.....	35
13. Отдел автоматизации и технической поддержки	36
14. РГУ «РБНСГ» - методический центр сети спец библиотек.....	38
15. Финансовая деятельность	39
16. Кадры	40